

ӘОЖ 811.512.1

**ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ТҮРКІТАНУШЫЛЫҒЫНЫҢ
БАСТАУЛАРЫ**

TURCOLOGICAL RESEARCH OF OLZHAS SULEIMENOV

Д. СӘТБАЙ*

Резюме

Мақалада автор ақын, ғалым және қоғам қайраткері О.Сүлейменовтің түркітануға қатысты, соның ішінде ортағасырлық тарихи, әдеби ескерткіш «Игорь полкі туралы жырды» зерттеу барысындағы еңбектеріне талдау жасаған.

Кілт сөздер: Тілтану, түркітану, ескерткіш, О.Сүлейменов, «Игорь полкі туралы жыр».

Summary

The research facet of creativity of O.Suleymenov as a poet, a scientist and a public figure of Kazakhstan is considered in the article "Olzhas Suleimenov as Turcologist". It is noted that O.Suleimenov made a great contribution to the study of medieval historical literary monument "The Lay of Igorev", declaiming stereotypes on this problem.

Keywords: Linguistics, Turcology, monument, O. Suleimenov, "The Lay of Igorev".

О. Сүлейменов Мәскеудегі М. Горький атындағы уникальды әлемдік әдебиет институтында оқып жүргенде профессор Сидельниковтен алған ғылыми зерттеу «Игорь полкі туралы жырдағы» «тюркизмдер» - тақырыбын таңдап алған еді. Елге оралғанда оны тамаша түркі-славист профессор Х. Х. Махмудовтың жетекшілігімен жалғастырады. 1962 жылдан 1975 жылға, яғни «Аз и Я» шыққанға дейінгі аралықта ақын «Жыр» мен Түркітануға қатысты оннан астам мақалалар шығарды [1]. Бұл мақалалардың деректік, бағдарламалық маңызы сонда, біз ақынның болашақ зерттеу жұмыстарының қай бағытта өрбитіндігін, потенциалдық мүмкіндіктерін, негізгі әдіснамалық құралдарын, зерттеу жұмыстарының деректік көздерін бажайлай аламыз. «Жырға» қатысты мақалалары Орталықтағы зерттеушілердің назарына ілігіп отырғандықтан, біз - сұңғыла да бес аспап жаңа зерттеушінің пайда болғанының куәсі боламыз. Мысалы, «Көшпенділер және Русь» атты алғашқы мақаласында (1962) О. Сүлейменовті ең бірінші кезекте «Жырдың» мәнерлі құралдар

* тарих ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда-Қазақстан.
Doctor of historical sciences, Professor, Kyzylorda state University Korkyt Ata, Kyzylorda-Kazakhstan.

жүйесі мен көзге көрінбейтін тюркизмдері, Көшпенділер мен Русь тарихының ара-қатынастары қызықтырады. Ақын мақаласында екі қатар сөзді және ұғымды - «кощей», «кощиево», «нечистая сила» - арнайы филологиялық талдауға алады. «Кощей», «Кощиево» сөздерінің төркінін қазақтың «көш», «көшу» сөздерімен байланыстырады. Ал, төңкеріске дейінгі көрнекті зерттеушілер, олардың ішінде атақты Мелиоранский де бар: «кощей» сөзін далалықтардың және көшпенділердің жинақтаушы атауы ретінде алып, оларды «зұлмат күш» (нечистая сила) тұрғысынан түсінді. Сөйтіп «кощейді»: - «құл», «қызметші», «арбакеш», «жол серік», «көмекші» екінші сортты әлеуметтік нәсілге жатқызатын. Тәжірибелі мамандар, тіпті, орыстың атақты аңыздық «Кошей Бессмертныйдың» аты неге олай аталатынына да назар аударған жоқ. Зұлымдық пен зұлмат күштің символы «арбакеш» немесе «құл» болуы тиіс емес қой. О. Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың» мәтінінде бұл сөз алғашында қорлау мағынасында қолданылып тұрған жоқ және ғалымдардан айырмашылығы «Жырдың» авторы бұл сөзді ол мағынада қолдана алмайды да. Ол түпнұсқада «көшпелі», «көшпенді» мағынасында, яғни саяси қатпарсыз қолданылып тұр.

Қазақтың «көш» сөзінің орыс тілінде сол қалпында сақталынып тұрғанын көре білуіне О. Сүлейменовті табиғи терең қостілділігі мен ақындық интуициясы жетелеп отырғанын аңдау қиын емес. «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» өлең жолдары қай қазаққа болса да мол ассоциация беруге қабілетті. «Сол кезде мен тұңғыш рет орыс тіліне деген саналы құрмет сезіміне бөлендім. Тілді жасаған халықтардың тілдік қолданысынан шығып қалған сөздерді, ежелгі түркі сөздерінің формасы мен мәнін сол қалпында дерлік сақтай білуге қабілеттілігі үшін. Шығыс славяндардың сөйлеу аппараты түркі үндестіктерін, әсіресе соңғы тілдік, яғни жуан дыбыстыларды өзгертпей дерлік қайта өндірді... Тюркизмдердің орыс тілінде сақталғандығының арқасында мен ежелгі қазақ және татар жұрнақтарының қалай аталғанын білдім, - деп еске алады О.Сүлейменов, - «Москвада оқыған жылдарымда Ленин кітапханасынан шыққаным жоқ. Қазақ сөздерінің көнелігін растайтын жаңа куәландыруларды үстін-үстін табумен болдым. Көптеген түркі тілдерінің жолы молынан болған екен. Орта ғасырлық түрік, азербайжан, ұйғыр, өзбек, татар жазбалары орта ғасырдың ұлы жазба ескерткіштеріне еніпті. Қазақтардың жайылым үшін күреспен

аулыққаны сондай өздерінің тарихта бар екенін білдіретін жазба куәліктер қалдыруға мұршалары болмапты. «Кошея» сөзіне кезіккенімше, ауызша сөздің мерзімі көрсетілмеді, сөйтіп Евразия бойынша көршілердің тілі қазақ сөзінің жас мөлшерін белгілеуге көмектесе алатындығын түсіндім» [2, 201-203].

Бұдан кейінгі бірнеше мақаласында О.Сүлейменов «Жырдағы» тас түйін мәселелердің бірі «харалужный» сөзін этимологиялық талдауға алады. 1963 ж. «Тмутаракань. Харалужные. Карня Жля» атты мақаласында ақын оны түркі ауыз әдебиетінде үлкен қылыш мағынасында қолданылатын «қара қылыш», «харалуж» сөздерімен байланыстырады. О.Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың авторы оны осы мағынада еркінен тыс қолданған болуы мүмкін. Бірақ кейінгі мақалаларында автор өзінің бұл болжамынан бас тартып оның жаңа нұсқасын ұсынады. Өте қызықты дәлелдер жүйесін қолдана отырып «Жырдағы»: - «авар сауыттары», «литва сауыттары», «хин оқтары», «ляцк лақтырғыштары», «литва қылыштары» («шеломы аварские», «шеломы литовские», «стрелы хиновские», «сулицы ляцкие», «мечи литовские») т.б. тіркестерге тоқталады. Осы халықтардың қайсысы «харалужный» атауымен аталуы мүмкін деп зерттеушілерге ойтамыздық тастайды да өзі олардың ешқайсысына тоқталмай жаңа болжамын ұсынады. Ол бойынша «карляжные», «харалужные» сөздері - ежелгі орыстың «карлязы» сөзінің диалектілік формасы. Ежелгі Русьте «карлязы» деп Францияны, француздарды атаған. Демек, «харалужный қылыштары» - «француз қылыштары» болуы әбден мүмкін. О.Сүлейменов дәлел ретінде «Жыр» мен одан үш ғасыр кейін жазылған орыстың келесі бір ортағасырлық әдеби жазба ескерткіші «Задонщинада» кездесетін эпитеттерді салыстырады. «Задонщинаның» авторы «харалужный» терминін «фрянсь» деп аударады, «харалужный найзаларын» - француз найзалары деп нықтай түседі. Айта кететін жәйт, О.Сүлейменов жәдігерліктегі сөздерді талдағанда, олардың әрқайсысының қолданылуы жағдайларын да ескеріп отырады. Әрине, бұған қатысты О.Сүлейменовтің барлық болжамдарын үзілді-кесілді қабылдауға болмас. Бірақ мәселе болашақ зерттеушілер үшін қаншалықты ойтамыздық тасталып отырғандығында.

Зерттеушілердің көпшілігі «Жырда» кездесетін «босый», «бусово», «Скочи съ него босым вльком» немесе «поють время бусово» сөздерін IV ғасырда Солтүстік Қара теңіз жағалауын мекендеген славяндардың арғы тегі деп алынған ант тайпасының көсемі Бус, Божа корольдің есімімен байланыстырады [3, 115-320]. Ол

готт тайпасының көсемі Амал Винитарийдің қолынан қаза тапқан. Сондықтан зерттеушілердің көпшілігі «Жырда» айтылатын «готт қыздары» «Бустың заманындағы» жеңістерін аңсап жырлап отыр деп есептейтін. Алайда, О.Сүлейменовтің ойынша, XII ғасырдан тым әріде болған оқиғаның «Жырдағы» оқиғаларға ешқандай қатысы жоқ. «Жырдың» авторынан басқаларының оларды білуінің өзі күмәнді... 1962 ж. «Босый волк и напевы готских дев» атты мақаласында О.Сүлейменов «босый», «бусово» сөздерін қазақтың «босу», «босқын» - халықтардың жаппай қашып үдере көшу, босқынға айналу мағынасында түсіндіреді. О.Сүлейменовтің түсіндіруінде «гот» этникалық атау емес: скифтердің, печенегтердің, қыпшақтардың жиынтық атауы. Гректер олардың барлығын жиынтық атаумен «готтар» деп атаған. «Жырдың» авторы «гот» терминін гректік дәстүрмен көшпенділерге қатысты қолданылып отыр. О.Сүлейменов «гот» терминін осылайша қабылдай отырып, оны бүтіндей бір халықтар мен тайпалардың жаппай босуы, босқынға айналуымен байланыстырады. Ақын жырдағы:

«Готские красные девы выпеша
На бреже Синему Морю,
Звоня русским златомъ,
поют время Бусово

лелеют мечь Шароканю» - деген жыр жолдарын былайша түсіндіреді: 1106 ж. Рустің князі Владимир Мономах қыпшақ ханы Шаруканды талқандап, елдің тоз-тозын шығарып босқынға айналдырған. Гот-қыпшақтың ару қыздары сол заманды мұнды әуенге қосып отыр. Ал сол Шаруканның немересі Артықтың баласы - Кончак Русьпен соғыста жеңіске жетіп, сол жеңілістің кегін қайтарғандықтан: гот-қыпшақ арулары оны жырға қосып әндетуде. Сондықтан IV ғасырдағы ант князі Бустың бұған еш қатысы жоқ. Сонымен О.Сүлейменовтің пайымынша, «Жырдың» арқауы IV ғасырдың оқиғалары туралы емес XII ғасырдың нақты оқиғалары жөнінде болып отыр.

Аталмыш мақаласында О.Сүлейменов «Жырдағы», «посуху», «шерешіры» сөздеріне қатысты да өз болжамдарын жол-жөнекей айта кетеді. Зерттеушілер оны парсы тіліндегі қамал бұзар қару катапулт - «Тир и Черх» пен байланыстыратын. Алайда, О.Сүлейменов «тир и черх»тың XIII ғасырдың жазба деректерінде Шыңғысхан жорықтарына қатысты ғана кездесетінін нық дәлелдей кетеді. Оның өте сақ жорамалы бойынша «шерешіры» сөзінің қаруға еш қатысы жоқ. Олар

Шарукан ұрпақтары болуы мүмкін. О.Сүлейменовтің «Босқын бөрі және гот қыздарының «әуені» атты мақаласы қаншалықты даулы тұжырымдарына қарамастан негізгі бір мәселенің шешімін табуға жәрдемдесті. Атап айтқанда «шерешіры» сөзінің қаруға ешқандай қатысы жоқтығына байсалды дәлелдер келтіреді.

О.Сүлейменовтің өзіне тән ғылыми ізденістік ыждаһаттылығы мен шеберлігі 1968 жылдың 28 қыркүйегінде «Литературная Россия» газетінде жарияланған «Каяла өзені қайда?» мақаласынан да көрінеді. О.Сүлейменов - өзеннің қыпшақтық атауы «орыстану сатыларынан өтті және жаңа сапада Азов төңірегіннің картасында бар» деп түйеді. Бірақ, ондай өзен қазір атымен жоқ. Себебі, автордың ойынша бұл сөздің бастапқы атауы «Су - каяла» болуы тиіс. Өйткені, түркі тілдерінде гидроним «өзеннің аты + детерминативі» схемасы бойынша құрылады. Сондықтан түркілік Су - каяла сөзі өзенді білдірмейді, ол бір арнаға құйылып жатқан екі өзеннің арасындағы кеңістікті білдіреді. О.Сүлейменовтің ойынша, бұл атау «Жырдың» мәтініне Каяла өзені ретінде кіріп кеткен және орыстың тілдік ортасында бұл тіркес халықтық этимология үрдісімен басқаша ажыратылған: Суха-ялы-сухыялы-сухие ялы. Әрі қарай каяла атанғаны белгілі болып тұр. О.Сүлейменовтің мақаласында айтылған бұл болжамдар кезінде Азов төңірегіндегі жергілікті өлкетанушылар тарапынан қызу қолдауға ие болған еді. Жоғарыда айтылған гидронимдер төменгі Дон аймағынан табылып отыр.

Осы жылғы республикалық «Простор» журналының № 9 санында жарияланған «Синяя мгла и Синие молнии» мақаласында О.Сүлейменов жаңа зерттеушілік қырынан жарқырай көрінеді. Автордың теориялық және әдіснамалық жаңалығы сонда, ол «Жырды» образдық-бейнелілік жүйесі, оның поэтикалық ерекшеліктері тұрғысынан зерттейді. «Синяя мгла» тіркесіндегі «синий» сөзіне заттың түсін білдіріп тұрғандықтан, әдетте зерттеушілер назар аудармайтын. Ал «мгла» сөзін: «тьма», «туман», «туча», «облако» мағыналарында түсінетін. О.Сүлейменов бұл мәселеге кенет басқа қырынан келеді. Ақын бұл зат есімдердің бірде біріне «синяя» («көк») эпитетін қолдануға болмайтынын алға тартады. Ежелгі орыс тілінде де ондай эпитет жоқ. Екіншіден, ортағасырлық поэзиялық дәстүрде ой да, заттың түсі де ашық білдіріледі, екіұштылық, үстірттік немесе екіұдайылық дегенді білмейді. Демек «көк қараңғылық», «көк түнек», «көк найзағай», «көк тұман» сияқты тіркестердің болуы мүмкін емес. Ақынның ойынша, зерттеушілер «синяя мгла» сөз тіркесіндегі зат есім

«мгла» сөзімен шектеліп қалмай, керісінше сын есім «синий» сөзінің мағынасына мән беруі керек. О.Сүлейменов «Жырдағы» осы бір сын есімнің барлық қолданылуы аясын зерттей отырып («синее море», «синие молний», «синяя мгла») бұл сөздердің поэмада басқа мағынада қолданып тұрғанын ашты. О.Сүлейменовтің пікірінше, бұл сөздер бүгінгі «көк», «көгілдір» мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Неғұрлым көне, бүгінде ол мағынада қолданылмайтын: «сияющий, сверкающий, искрящийся, блестящий, яркий» мағынасында қолданылып тұр. Сондықтан «көк теңіз» , «көк найзағай емес», «жалтыраған теңіз», «найзағай жарқылы» болып оқылуы тиіс. Ал «синяя мгла» сөзі «Жырдың» түпнұсқасында болды ма екен?» деп О.Сүлейменов заңды сұрақ қояды. Автор - бұл орайда тарихи фактілерге, жылнамалық куәліктерге, сөздің ежелгі формалары мен мәніне, мәтініне, кейбір палеографиялық мәліметтерге сүйене отырып кейінгі ғасырлардағы «Жырды» көшірушілердің қателіктеріне назар аударады. Соны болжамдар мен тың фактілердің ұзын-ұрғасын көрсетеді. О.Сүлейменовтің бұл мақаласының маңызы «Жырдың» көнелігін, түпнұсқалығын растауға сүбелі үлес қосқандығында.

1968 ж. О.Сүлейменовтің «Жорамалдауға бейіммін» [4] мақаласынан оның «Жырды» зерттеу барысында жаңа ғылыми ізденістік биіктікке шыққандағының куәсі боламыз. Автор дүниежүзілік тарихтың іргетасты мәселелеріне қарай ойысып өте қызықты жорамалдар жобасын жасайды. Автордың жорамалдары мынаған келіп саяды: біріншіден, бұған дейін әлемдік тарих ғылымында этникалық жағынан біртұтас деп есептелетін этрускілер бір тілді халық болған жоқ. Этрускі федерациясында басқа халықтармен бірге түркі және славян тілдес халықтар болуы мүмкін. Мақалада үш мәтін талданады. Екіншіден, О.Сүлейменов Этруриядан табылған ойын сүйектерінің жиегіндегі «и-ва-ест-орти-канус-уолоте» сөздерін талдауға жаңа қырынан келеді және онысы мейлінше нанымды шығады. Этрусологтар бұл тіркестердегі алғашқы әріптен кейінгі әрбір сөзге бір әріптің қосылып отырылғандығына назар аударған еді. Бұл сандардың атауы - әрбір әріптің саны белгілі бір санның символы деп есептелінетін. Бірақ сөз мағынасы жұмбақ қалды. О.Сүлейменовтің ойынша, этрускі жазғыштары «и-ва-ест-орти-канус-уолоте» сандық реті үшін бұрын түркі ойын сүйектеріндегі жазу дәстүрінде бар - «вар-ика-ес-торт-икаиус-уолоте» тіркестерін пайдаланған. Осындай әріптік-сандық принципті қарадүрсін

механикалық қолданудың нәтижесінде ол: и-ва-ест(т)орт(и)-каиус, уолоте-ге айналған.

О.Сүлейменов мұндай сәйкестікті кездейсоқ деуге болмайды деп есептейді. Сондай-ақ IV ғасырдағы Скандинавия руна жазуларына қатысты да соны пікірлерін жол-жөнекей айта кетеді. Оның ойынша, зерттеушілердің көпшілігінің оның түп тамырын бүгінгі Скандинавия елдері - швед, норвег, дат, фин т.б - халықтарының тілдерінен іздеумен шектелу дұрыс емес. IV ғасырда ғұндардың да Скандинавияға дейін барғаны тарихтан белгілі. Ақынның келесі бір болжамынан туындайтын ой түрткісінен «Қыш кітаптан» асып түскен фантазияға кенелеміз. Автор тарихи дерек атауынан мүлде жұрдай адамзаттың тарихқа дейінгі - Кіші адамзат дәуіріне өзінің ғана қолында бар құралдарымен бойлайды. Ақынның өзі айтқандай «адамзаттың табиғи тіл дәуіріне қатысты қазіргі ғылым үшін фантастикаға толы болжамдарын ұсынады. Адам тілінің алғашқы қатпарлары жануарлардың атауынан тұрды деген болжам айтылады. Тасқа қашалып бейнеленген мүйіз «бұқаны» білдірсе, төңкеріліп түскен мүйіз «сиырды» немесе «өлген бұқаны» білдіреді. Олжастың поэтикалық философиясы бойынша, жануарлардың атауы, осы жануарларды бейнелейтін таңбаларға ауыстырылғанда, сөз жасамының алғашқы қадамы басталған. Адам жер-жаһанға тарай орналасты. Олармен бірге ең алғашқы бір жерде пайда болған таңбалар мен белгілер - атауларымен бірге таралды. Бұл процеске қоршаған ортадағы басқа да ұқсас заттарды бейнелеу де тартылды. Ақынның жорамалынша, бір бірінен өте алыс тілдерді салыстырудың мүмкін болуы осы - **Бастаудан** басталады. Осылайша, осы жорамалымен О. Сүлейменов кеңестік тілтанудың атасы Н. Я. Маррдың тілдің глоттогониялық процесс (көмейлік) туралы қағидасына қарсы келген еді.

О. Сүлейменовті жақсы білетін зерттеушілердің көпшілігі оның немен айналысса да әрбір әрекеті, іс-қимылына айрықша мінез, ерен қылық тән екенін атап көрсетуден жалықпайды. Ақынның 1962 жылдан бастап республикалық «Простор» журналында және 60-жылдардың екінші жартысынан Орталық басылымдарда «Жырға» қатысты жарияланған мақалалары, атақты академиктер В. Ф. Соболевский [5], В. И. Стеллецкий [6], И. Г. Добродомов [7], А. Югов [8] және т.б. белгілі зерттеушілер тарапынан да қызу пікірталастар туғызып, қоғамдық және ресми сипат алды. Қазіргі оқырмандар үшін айта кететін жәйт, кеңестік ғылым жағдайында белгілі академиктердің ешқандай

ғылыми атағы жоқ, қарапайым геолог-ақынның мақалаларына жарыса үн қосуының өзі тосын жағдай еді. Тіпті, ғылым докторларының диссертациялары, жекеленген монографиялары да мұндай пікірлер легін тудыра алмайтын. Бұл, әрине, «Жырдың» жаңа зерттеушісі ізденістерінің сонылығы мен көзқарастарының кеңдігінен еді.

Мысалы, В. И. Стеллецкий «бусово время» («босқын уақыт»), «гот», «напевы готских дев» («гот қыздарының әуендері») тіркестері бойынша О. Сүлейменовпен толығымен келіседі. Бірақ «босый» сөзін «босый волк» немесе «босови врани» тіркестерін де түсіндіргенде Стеллецкий оны «босу» сөзімен емес түркілік «бос» (ежелгі орыс тілінде де «бось - дьявол») сөзімен байланыстырады. Алайда, осы тұста Сүлейменовті В. Ф.Соболевский қолдайды. 1963 ж. «Простор» журналының №5 санында В. Ф. Соболевскийдің «Игорь полкі туралы жырдағы» Гот қыздары» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Бұл О. Сүлейменовтің «Босқын бөрі және гот қыздарының әуендері» мақаласына жауап мақала еді. Автор «О. Сүлейменовтің «босу» ұғымына қатысты терең және өте қызықты лингвистикалық ізденістері «босый волк» сөзін түсіндіргенде оның бірінші бөлімі ғана бағалы» деп атап көрсетті, яғни Соболевский «время бусово» пікірлеріне қатысты О.Сүлейменовтің түсіндірмелерін қабылдамайды. Соболевский - Сүлейменовтің басқа да көптеген пікірлерді жаңа тұрғыда түсіндірулеріне қарсы уәж айтады. Бұған итермелеген Соболевскийдің «патриотизмі» еді. Дегенмен автор: «Жырды» зерттеу ісіне соншалықты жарқын да терең араласқан Сүлейменовтің ізденістерін және зымырап өтіп кеткен ғасырлардың қойнауына жаңаша қарауға мүмкіндік беретін біздің бауырлас қазақ тілін шын ниетпен қолдау керек. Оның ізденістері «Жыр» туралы зерттеу әдебиеттерін одан әрі, жаңа, әзірге жасырын жатқан материалдармен, оның ішінде қазақ, парсы, черкес және т.б тілдердің арасындағы материалдармен де байыта беруге болады деуге мүмкіндік береді. Бұл факті айрықша елеулі, өйткені қазірдің өзінде «Жырды» зерттеу «барлық материалдар пайдалынылып болғандықтан» тұйыққа тірелді дегенге саятын сарыуайымды үндер естіле бастады» [5, 226] деп мойындауы - «Жырды» зерттеуге қатысты дағдарыстық көріністерден хабардар береді.

Өкінішке орай, «бір шөкім тюркизмдер», «тюркизм дейтіндер» деген кекесінді тіркестерді қолданған «Жырдың» қарт зерттеушілерінің бірі А. Югов «Комсомольская правданың» 1968 ж.

23 қарашасындағы «Болат сынаның құпиясы» атты мақаласында: - «бір шөкімдей түркизмдердің табылуы өте елеулі факт. О. Сүлейменовтің «Көрінбейтін сөздер» - «Білуге құмарлық» мақалаларында осындай олжалар және олардың кең оқырман қауымы үшін маңызы туралы айтылады, сондықтан оларды құптау керек» - деп айта келіп, ең бірінші кезекте «XI-XV ғасырлардағы орыс қылыштарының батыс европалық тегі болғандығы» туралы О. Сүлейменовтің болжамдарымен келіспейді (әңгіме «Харалужные» сөзінің төркіні туралы болып отыр - Д.С.). Дегенмен автор, зерттеушінің өз қателігін мойындай білерлік ер мінезді қасиетінде атап көрсетеді [8].

О. Сүлейменовтің зерттеулеріне орай жазылған мақалалардың бірі 1968 ж. «Русская речь» журналының №6 санында жарияланған И. Г. Добродомовтың «Половцы и поля» атты мақаласы болды. Авторды О. Сүлейменовтің «половец» сөзі мен «Жыр» мәтініндегі көшірушілердің «қателерін» еркін оқуы, тарқату әрекеттері ызаландырады. Түркі тілін сөздік деңгейінде ғана білетін «түркітанушы» барлық түркі тілдерінің атынан сөйлей отырып, ғылыми әдебиетте таптаурын болған ескі дәйектерді алға тартады. Мақаласының соңында И. Г. Добродомов: «Игорь полкі туралы жырдың» тіліндегі шығыс сөздері сияқты маңызды да ірі тақырыптың «Комсомольская правда» газетінің беттерінде жеткілікті біліктіліксіз жарыққа шыққаны өте өкінішті» [7, 233], – деп орынсыз наразылық білдіреді.

Түйіндей келгенде, 60-жылдары О.Сүлейменов түркітануға қатысты соны мақалалар жариялап, мәселеге жаңа қырынан келді. Оның ғылыми мақалаларының сипаты мен мазмұны, оның осы жылдары - славист, түркітанушы, тарихшы, әдебиеттанушы, жаңа тұрпатты талантты лингвист ретінде әбден қалыптасқандығын көрсетеді. Дағдарысқа ұшырай бастаған «Игорь полкі туралы Жырды» зерттеу ісіне жаңа серпін берді. Ол өзінің «Аз и Я»-сына баяу да болса, дұрыс бағытта жылжып келе жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. *Кочевники и Русь* // Простор. – 1962. – № 10. – С. 107-109.; *Босый волк и напевы готских дев* // Простор. – 1962. – № 11. – С. 108-112.; *Тмутаракань. Мечи харалужные. Карна Жля* // Простор. – 1963. – № 6. – С. 99-102.; *Слово о полку Игореве* // Литературная газета. – 1963, декабрь – 24.; *Синяягла и синие молнии* // Простор. – 1968. – № 9. – С. 80-93., «Невидимые слова», где река Каяла. Литературная Россия. 1968, сентябрь - 20., *О языке некоторых этрусских надписей. Лингвистические этюды* // Простор. – 1968. – №5. – С. 69-75.;

- Серебрянные писмена золотого воина: о древнетюркских письменах V-VIII вв*
// Техника молодежи. – 1971. – № 7. – С. 58-68.
2. Қожақиева Ш.Т., Қуздебаева А.Б., *Русская литература*. - Алматы: Мектеп, 2007. – 448 с.
 3. Иордан. *О происхождении и деяниях гетов*. Институт истории и Институт славяноведения АН СССР. - М.: Восточная литература, 1960. – 405с.
 4. Сулейменов О. *Склонен к предположению* // Простор. – 1968. – № 5. – С. 69-75.
 5. Соболевский В. Ф. *«Готские девы» в Слово о полку Игореве* // Простор. - 1963. - №5;
 6. Стеллецкий В. И. *Слово о полку Игореве*. – М., Просвещение, 1965.
 7. Добродомов И. Г. *Половцы и поле*. // Русская речь № 6.
 8. Югов А. *Тайна стального клинка* // Комсомольская правда. – 1968, ноябрь 23.